Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2025 жылдық есеп

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы 2024-2027 жж. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге диссертацияларды қорғау жөніндегі «6D020600, 8D02203 – Дінтану», «6D021500, 8D02204 – Исламтану», «6D020400, 8D03102 – Мәдениеттану», «6D020100, 8D02202 – Философия», «8D02201 – Саяси философия» (2025 жылдың 13 ақпан күні № 65 бұйрығымен) мамандықтар тобы / білім беру бағдарламалары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректордың 22 қазан 2025 жылғы № 679 бұйрығымен және бекітілген)

1. Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер.

2025 жылдың 14 қаңтар және 23 желтоқсан аралығында диссертациялық кеңестің 29 отырысы өткізілді, оның 14 диссертацияны қорғауға арналды, қорғаулар аралас (онлайн/офлайн) форматта өткізілді.

2. Мәжілістердің жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда). Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 9 адам, олардың ішінде 4 адам диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері, 2 рецензент және 3 адам докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Ғылыми жетекшілері	Докторант оқыған, ЖОО
1	Айтенова Альфия Аманжоловна	1. Кулсариева Актолкын Турлукановна – философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан). 2. Rein Raud – философия докторы (PhD), Таллин университетінің профессоры (Таллин қ., Эстония).	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2	Мәлік Галым Алауидинұлы	1. Кабаева Жулдыз Абдыкаримовна – философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан). 2. Златан Дамнянович – философия докторы PhD, Оңтүстік Калифорния университетінің қауымдастырылған профессоры (Лос-Анджелес қ., АҚШ). 1.	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

3	Маткерим Дана Адильханкызы	1. Кусаинов Дауренбек Умирбекович – философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан). 2. Исмагамбетова Зухра Нурлановна – философия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан). 3. Али Рафет Озкан – PhD, Анкара университетінің профессоры (Анкара қ., Түркия).	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
4	Ержанов Еркебулан Даукенбаевич	1. Аликбаева Маржан Башановна – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетідінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан). 2. Темур Незир – Гази университетінің профессоры, доктор, (Анкара қ., Түркия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
5	Наурузбаев Дархан Мирзабекович	1. Алтаев Джакипбек – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті профессоры (Алматы қ., Қазақстан); 2. Суат Колукирик – әлеуметтану ғылымдарының докторы, Акдениз университетінің профессоры (Анталия, Түркия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
6	Дусипова Айсана Сагинбаевна	1. Рамазанова Алия Хайруллаевна – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан). 2. Питеер Мурсеп – Таллинн технологиялық университетінің	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		профессоры (Таллин қ., Эстония).	
7	Қасабекова Еңлік Құралғазықызы	1. Нурмуратов Серик Есентаевич – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Философия орталығының директоры (Алматы қ., Қазақстан). 2. Булент Шенай – философия докторы (PhD), Улудаг университеті, дін және мәдениет тарихының қауымдастырылған профессоры (Бурса, Түркия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
8	Болысбаева Айнура Канапиевна	1. Затов Кайрат Айтбекович – философия ғылымдарының докторы, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, дінтану кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан). 2. Тим Б. Хитон – философия докторы (PhD), Бригам Янг университетінің профессоры (Прово қ., Юта штаты, АҚШ).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
9	Құрманбек Ақайдар Анарғалиұлы	1. Жамашев Азамат Шутбаевич – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан). 2. Мохд Рослан Бин Мохд Нор – философия докторы (PhD), Малайя университеті, Исламтану академиясының Ислам тарихы және өркениеті кафедрасының профессоры (Куала-Лумпур қ., Малайзия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
10	Осербаев Елдос Нұрланұлы	1. Габитов Турсын Хафизович – доктор философских наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан); 2. Анджан Гош – доктор философии (PhD),	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		ассоциированный профессор Академии стратегии (Калькутта, Индия).	
11	Лифанов Сергей Алексеевич	1. Карабаева Алия Гайратовна – доктор философских наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан); 2. Белов Владимир Николаевич – доктор философских наук, профессор Российского университета дружбы народов (г. Москва, Россия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
12	Бокыбаев Нурбакыт Абдыгалиевич	1. Омирбекова Алия Омирбековна, кандидат философских наук, ассоциированный профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан); 2. Махмуд Масаели, PhD, профессор, университет Оттава, Президент Глобального аналитического центра Alternative Perspectives and Global Concerns (г. Оттава, Канада).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
13	Рамаданова Жанна Дидарбековна	1. Кабаева Жулдыз Абдыкаримовна, доктор философских наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая (г. Алматы, Казахстан); 2. Шахин Филиз, PhD, профессор, университет Акдениз (Анталья, Турция).	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
14	Пернекулова Майра Мухтаровна	1. Сағықызы Аяжан – доктор философских наук, профессор, главный научный сотрудник ИФПР КН МНВО РК (г. Алматы, Казахстан). 2. Скарантино Лука Мария – доктор философии (PhD), профессор Университета имени Альдо Моро (г. Бари, Италия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау:

Айтенова Альфия Аманжоловнаның «8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан қоғамының әлеуметтік процесстеріндегі «мәдени жарақат» феномені» (XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басы) тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы еліміздегі тарихи оқиғалар негізіндегі «мәдени жарақат» құбылысының заманауи әлеуметтік, саяси, психологиялық келбетін философиялық тұрғыдан талдау. Зерттеу жұмысы Қазақстан қоғамының әлеуметтік процестеріндегі «мәдени жарақат» құбылысын мәдени-философиялық тұтас кешен ретінде тұңғыш рет арнаулы зерттеу нысанына айналдырып отыр. Сонымен қатар «мәдени жарақат» негізінде ұлттық дүниетанымның даму үдерісінің онтологиялық мәнін айшықтап, рухани күрес пен арылу ұстындарының халық мұратында, ұлттық рухта айқындалуын мәдени-философиялық тұрғыда тұжырымдап, этноболмыстағы өмірлік мән-мағына, өлшемдермен байланыстырып қарастырылған.

Қазіргі заманғы әлемде болып жатқан глокализация, ұлттық айдентикалану, деколонизация үрдістері белгілі бір халықтың, ұлттың, мемлекеттің өзіндік болмысын нығайтуға, оны қайтадан тануға, ұлттық мәдени құндылықтары мен тарихи дүниетанымын реконструкциялауға жетелеп отыр. Сондықтан да қазіргі таңда ұлт тарихының жетістіктері мен игілікті көріністері, прогрессив дамуымен қатар, әрқилы регрессив, құлдырауға ұшыраған оқиғалар тізбегі бар екенін де қайта таразылау – тарихи эволюциядағы «мәдени жарақаттар» құбылысын жете зерделеуді қажет етеді.

Мәлік Галым Алауидинұлы «8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Билік феноменінің құндылықтық негізі» тақырыбындағы диссертациясы.

Билік феномені адам, өмір, өлім, және тағы сол сияқты өзгермейтін, жалпыадамзаттың негізінен бейнелейтін әмбебап санаттардың қатарына жатады. Жалпы жиынтықта адамның өзі туралы және оның айналасындағы шындық туралы тұтас түсінік береді. Билік мәселесі әрқашан саяси, әлеуметтік, философиялық және қоғамдық саяси ой өкілдерінің назарларынан тыс қалмаған. Билік ұғымын зерттеудің көптеген тәсілдері мен классификациясы бар.

Философия шеңберінде дәстүрлі түрде зерттелетін билік болмыс пен адам болмысының табиғатына негізделген терең рухани-онтологиялық өлшемге ие. Билік тек әлеуметтік құрылым ғана емес, сонымен бірге әлемнің негізгі заңдылықтарын көрсететін онтологиялық категория. Оның рухани тәртіп қалыптастыру, ұжымдық ерік-жігерді бағыттау және материалдық әлемде жоғары мағыналарды бейнелеу қабілетінде көрінеді.

Маткерим Дана Адильханкызы «8D03102 – Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстандық кинодағы этникалық және мәдени бірегейлікті құрастыру: мәдениеттанулық талдау» тақырыбындағы диссертациясы.

Жаһандану заманында тәуелсіз Қазақстанның тұрақты дамуы жолында бірегейлік мәселесі ерекше орын алады. Бүгінгі таңда жаһандану дәуірінде мәдени-философиялық зерттеу мәселесі гуманитарлық ғылымдар саласындағы көптеген ғылыми зерттеулердің объектісі және тақырыбы болып табылады. Бірегейлік ұғымын зерттеудің көптеген тәсілдері мен классификациясы бар.

Кино – мәдени бірегейлікті қалыптастыру мен қабылдауда жеке және ұжымдық санаға әсер ететін қуатты құрал. Фильмдер рухани құндылықтарды бейнелеу арқылы мәдени бірегейлікті қабылдауға айтарлықтай әсер етеді, өйткені оларда көбінесе дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды және әлеуметтік нормаларды көрсетеді. Бұл көрермендерге өздерінің мәдени ортасын толықтай түсінуге көмектеседі. Фильмдер қоғамдық қабылдауға әсер ете отырып, әртүрлі этникалық және

мәдени топтар туралы таптаурындарды күшейтуге әкеп соқтыруы мүмкін. Көрермендер фильмдердегі кейіпкерлермен өздерін бірегейлендіре алады, бұл белгілі бір мәдениетке немесе қауымдастыққа қатыстылық сезімін нығайтуға жәрдемдеседі.

Ержанов Еркебулан Даукенбаевич «8D03102 – Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақ ырымдары ұлттық мәдени код ретінде» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертация жұмысында қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі институтының маңызды бір бөлігі болып саналатын ырым-тиымдар – ұлттық код ретінде қарастырылады, оны зерттеудің ғылыми бағдарлары ұсынылады, зерттеу барысында әлемдік ғылыми қауымдастықтағы әдіснамалар негізге алынады. Қазақ ырымдарының генезисі мен эволюциясы, тарихи-танымдық және өнегелік-тәрбиелік мәні талданады және қазақ ырымдарының қазіргі Қазақстандағы заманауи көріністері мен ұлттық айдентикадағы негізгі қызметі мен рөлі мәдениеттанулық тұрғыдан талданады.

Наурузбаев Дархан Мирзабекович «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әл-Фараби мен Ж. Баласағұнның саяси философиялық, әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділігі» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділігін зерттеуге арналған. Зерттеу тақырыбы қазіргі Қазақстанның ұлттық болмысы мен рухани мұрасын, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдардың даму бағыты тұрғысынан аса өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның философиялық, әлеуметтік және саяси көзқарастары түркі дүниесі мен қазақ ой-санасының терең рухани негізін құрайды. Қос ғұламаның шығармаларында әділетті билік, ізгілікті қоғам құру, парасатты басқару, білім мен даналықтың маңызы туралы тұжырымдар кеңінен көрініс табады. Қос ойшылдың еңбектері – адамгершілік құндылықтарды, рухани кемелдікке ұмтылуды, білімге негізделген қоғам құру идеясын насихаттайтын терең философиялық мұралар. Олардың идеялары қазіргі Қазақстан қоғамының рухани жаңғыруы, әлеуметтік тұрақтылық пен әділеттілікке негізделген мемлекеттік құрылым қалыптастыру ісіне теориялық іргетас бола алады.

Бұл зерттеу екі ойшылдың көзқарастарын салыстыра отырып, ұлттық философиялық ойдың эволюциясын, саяси көшбасшылықтың мазмұнын және мемлекеттік басқару моделін жетілдіру мүмкіндіктерін ашады. Қос ғұламаның білім мен ғылымды қоғам дамуының іргетасы деп танып, рухани кемелдікке жетудің басты шарты ретінде таниды. Бұл идеялар қазіргі білім беру реформалары мен жастардың адамгершілік тәрбиесін жетілдіру жолында әдіснамалық бағдар ретінде маңызды. Осылайша, қос ғұламаның ізгілікке, әділетке және білімге негізделген қоғам құру туралы қағидаттары жас ұрпақтың құндылықтарға негізделген саясатын қалыптастыруға және ұлттық рухани жаңғыруға маңызды үлес қоса алады.

Дусипова Айсана Сагинбаевна «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациясы.

Қазіргі уақытта әлеуметтік философияда руханияттың шығу тегі, мәні, оның жеке және әлеуметтік деңгейлердегі көрінісі, өзгеріп жатқан әлеуметтік жағдайдағы эволюциялық келешегі белсенді зерттелуде. Жаһандану жағдайындағы әлемде материалдық құндылықтардың қарқынды дамуы руханилық құбылысының өзектілігін еселей береді. Қоғамда рухани факторларды ескермей, технологиялық үдерісті алдыңғы орынға шығару, оны әлеуметтік және рухани салаларының дағдарысына әкелді,

тұлғааралық қатынастарда өзімшілдік, немқұрайлылық, қатыгездік, бірізділік, адамды ойлануға мәжбүрлемейтін саналық деңгей сияқты жалпы құбылыстар дәлел бола алады.

Руханилық мәселесі жас ұрпақты тәрбиелеу міндеттері аясында үлкен маңызға ие. Әсіресе, жастар арасындағы жоғарыда көрсеткен құбылыстардың кең тарауы дабыл қақтырады, себебі жастық шақ адамның рухани қалыптасуының ең оңтайлы және қолайлы кезеңі, осы аралықта жастардың тәрбиесіне назар аударуды қажет етеді. Себеп-салдарлық, логикалық байланыстар заңдылықтарына сәйкес мәселенің шығу себептерін анықтау арқылы, салдардың алдын алу қажеттілігі туындайды. Осы тізбекке сәйкес, мемлекет болашағының адамзат үшін катастрофалық немесе үйлесімді және тұрақты даму үстінде болуы, тікелей жастарға байланысты. Сәйкесінше, қазіргі жаһанды сыни әлемде жастардың рухани-адамгершілік бейнесін қалыптастыру міндеттері стратегиялық тұрғыдан кезек күттірмейтін мәселе.

Қасабекова Еңлік Құралғазықызының «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертациялық жұмыс зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері – қазақ халқының рухани өмірінің маңызды мәселелерінің бірі. Зайырлылық құбылысы мәдениетаралық қатынастарды реттеуде, тек қазақ халқы үшін ғана емес, жаһандық даму кезеңіндегі жалпы адамзат үшін де маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл зерттеу тақырыбы гуманитарлық ғылымдардың әлеуметтік ортасы үшін үлкен өзектілікке ие. Жұмысты орындау барысында, қазақ халқының рухани әлемінің түрлі қырларын зерделей келе, қазақ халқының дүниетанымы мен менталитетіне сәйкес келетін зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерін зерттеу қажеттілігі айқындалды. Қазақ халқының тарихындағы ғасырлар бойғы қиыншылықтары мен жетістіктері халықтың өзіндік рухани болмысымен және мәдениетімен қоса өрілді. Бұл үдерістерде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері, олардың өзара үйлесімділігі маңызды рөл атқарды. Аталмыш екі құбылыстың қазақ халқының мәдени өмірінің ажырамас бөлігі болуы да тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. Сонымен қатар, қазақ халқының жалпы рухани өмірінде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің өзара байланысып және өзара әрекеттесуі аса маңызды факторлардың бірі. Дүниежүзілік ауқымдағы өзектілікке ие қос құбылыстың ел бірлігін сақтаудағы маңыздылығы күннен күнге артып келеді.

Болысбаева Айнура Канапиевна «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертациялық жұмыс Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі мәселесін зерттеуге арналған. Қазақстан қазір діни жаңғыруды бастан кешіруде, бұл ең алдымен исламдық ревивализмнен көрініс табады. Сондықтан ислами бірегейліктің қалыптасуын зерттеу қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, мұсылмандық бірегейліктің гендерлік қырларын, әсіресе әйелдердің діндарлығын зерттеудің маңыздылығы артып келеді. Бұл ең алдымен әйелдің болашақ ұрпақты әлеуметтендіруші негізгі агент ретіндегі ана статусымен, балаларына өзінің діндарлық тәжірибесін трансляциялаумен байланысты. Екіншіден, мұсылман ер адамдарға қарағанда, белсенді діндар әйелдерге сыртқы дағуат, яғни сыртқы бейнесіндегі ерекшеліктер (хиджаб, орамал және т.б.) тән. Қазіргі күні қоғамдық дискурста ұлттық және діни киім үлгілерін бір-бірінің антиподы ретінде қарастырып, қазақи және ислами киім үлгілеріне қатысты салыстырулар, бір-біріне қарама-қайшылықта қарастыру мен діни киім үлгісіне қатысты негативті пікірлердің таралуы сияқты түсініспеушіліктер орын алып жатады.

Осыған қоса қазіргі таңда әйелдердің арасында да радикализациялану процесінің қарқынды жүріп жатқандығын алға тарту керек. Дәстүрлі емес жамағаттың әйел

ізбасарлары балаларын деструктивті көзқарастар аясында тәрбиелесе, діни экстремизм үшін сотталған адамдардың әйелдері түрмеде отырған күйеулерінің жамағатпен байланысын дамыту мен жалғастыруда басты рөл атқарады.

Жоғарыдағы аталған мәселелерді ескере отырып, бүгінгі күні әйелдердің арасындағы исламдық бірегейліктің қалыптасуы мен даму тенденцияларын зерттеудің өзектілігі жоғарылап тұрғандығын алға тарту керек.

Диссертациялық жұмыста діни бірегейлік, соның ішінде ислами бірегейлік пәнаралық бағыттың негізінде талданып, әйелдердің ислами бірегейлігінің қалыптасуы мәселесіне арналған шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынды. Сонымен бірге Қазақстандағы әйелдер арасындағы мұсылмандық бірегейліктің қалыптасу процесіне талдау жүргізілді. Атап айтатын болсақ, заманауи Қазақстандағы өзін мұсылман деп идентификациялайтын әйелдердің діни бірегейлігінің ерекшеліктеріне анализ жасалынып, намаз оқитын әйелдердің діни әлеуметтенуі процесін, яғни этникалық «belonging» мұсылман әйелдің белсенді «being» мұсылманға айналуын актор позициясынан талданған, радикалды исламистік ұйымдардың құрсауына түскен әйелдердің әлеуметтік-психологиялық портретін дайындау, радикализациялану процесін кезеңдермен бөліп көрсетілген. Осылардың негізінде Қазақстандағы әйелдер арасындағы ислами бірегейліктің болашақ даму перспективалары мен проблемалары және оларды шешу жолдары қарастырылады.

Құрманбек Ақайдар Анарғалиұлының «8D02204 – Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша «XIX-XX ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымы» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертациялық жұмыс ислам өркениеті тарихындағы маңызды рухани-философиялық бағыттардың бірі саналатын сопылық ілімді жүйелі және тарихи-философиялық тұрғыдан талдауға бағытталған өзекті ғылыми зерттеу болып табылады. Сопылық дүниетаным ислам дінінің рухани-этикалық мазмұнын тереңнен түсіндіретін, адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелеуге негізделген рухани мектеп. Бұл ілім тек діни ғана емес, сонымен қатар философиялық, мәдени және этикалық қырларымен ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысы XIX–XX ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымына арқау болған идеялар мен ұстанымдарды жан-жақты саралап, олардың ислам ой-пікіріндегі тарихи маңызын анықтауға бағытталған. Бұл кезең мұсылман дүниесінде отарлық саясаттың, заманауи өзгерістердің, рухани дағдарыстың күшейген уақыты, сондықтан сопылық ілімнің қайта жануы мен рухани тұрақтылықты сақтау жолындағы қызметі зерттеу үшін аса өзекті.

Бұл диссертация тақырыбы жаһандану дәуірінде рухани тұрақтылық пен діни сана мәселелері өзекті болып отырған жағдайда ерекше мәнге ие. Зерттеу нәтижелері ислам руханиятының тарихи сабақтастығын сақтап, оны қазіргі заман талаптарымен үйлестіруге үлес қосады.

Осербаев Елдос Нұрланұлының «8D03102 – Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша «Кибербуллинг мәдени девиацияның формасы ретінде» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертация жұмысында интернет арқылы жасалатын қорлық, қысым немесе қорқыту т.б. кибербуллинг әрекеттері мәдениеттанулық тұрғыдан талданып, девиациялық үдеріс ретінде қарастырылған. Еңбекте бұл мәселеге гуманитарлық ғылыми әдіснамалармен қатар, әлеуметтанулық, педагогикалық, философиялық тұрғыдан қарастырылатын тұжырымдар, көзқарастар, зерттеулер негізге алынып, кибербуллингтің қоғамдық өмірдегі практикалық мәні талданған. Жалпыадамзаттық сипат алып келе жатқан кибербуллинг мәдени өмірдегі керітартпа беталыс, соған орай, бұл құбылыстың шет елдердегі, әсіресе, Түркия, Қытай және Ресей мемлекеттеріндегі, сондай-ақ еліміздегі әлеуметтік келбеті зерделенді және ұлттық қауіпсіздік аясында қауіп-қатерлері мен оның

алдын-алу мәселелері мәдениеттанулық тұрғыдан талқыланған. Бұл жұмыс кибербуллингтің әдеттегі өткінші құбылыс емес, қоғам өміріне терең бойлаған әдет, мәдени девиацияның жаңа формасы екенін дәлелдей отыра, Қазақстан қоғамының ерекшеліктеріне сай шешім жолдарын ұсынады.

Лифанов Сергей Алексеевичтің «8D02202 – Философия» білім беру бағдарламасы бойынша «Адамдық жүйелер: әлем-виртуалды талдау» тақырыбындағы диссертациясы.

Докторлық диссертация виртуалдылықты адамның болмысын сипаттауда жүйе құраушы элемент ретінде зерттеуге арналған. Қазіргі уақытта технологиялық виртуалды шынайылық - адам үшін оның тіршілік қызметінің барлық дерлік салаларын қамтитын ерекше өмір ортасы, нәтижесінде ол технологиялық интерфейс болып қана қоймайды, адамның қабылдауы, қарым-қатынастары, бірегейлік және әлеуметтік тәжірибесі негіздерін өзгертеді.

Жұмыс виртуалды әлем жағдайында адами жүйелердің трансформациясына философиялық талдау жүргізуге, сондай-ақ виртуалдықтың адами болмыстың жаңа формаларын қалыптастыру ортасы ретіндегі онтологиялық, феноменологиялық, семиотикалық және танымдық негіздерін айқындауға бағытталған. Жұмыстың негізгі мәнінде виртуалдылық эмпирикалық немесе техникалық болмысқа жатпайтын, бірақ субъект үшін онтологиялық мүмкіндік пен шынайылық мәртебесі бар, әлеуетті әлемдер мен мәндерді туындату қабілетімен айқындалатын сана мен адами жүйелердің құрылымдық қасиеті ретінде қарастырылады.

Бұл диссертация тақырыбы цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен адам тәжірибесінің өзгеруі жағдайында маңызды мәнге ие. Зерттеу нәтижелері виртуалды ортаның адамның санасына, мінез-құлқы мен өзара әрекеттесуіне қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және қазіргі дәуірдегі адамдық жүйелердің ерекшеліктерін философиялық тұрғыдан пайымдауға ықпал етеді.

Бокыбаев Нурбакыт Абдыгалиевичтің «6D020400 – Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша «Цирк қазіргі мәдениет перфомансы ретінде» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертациялық зерттеуде цирк өнері мәдениеттанулық тұрғыдан талданып, оның ұлттық мәдени кодпен, дәстүрлі перформативтік тәжірибелермен және қазіргі заманғы өнер жүйесімен өзара байланысы жан-жақты қарастырылған. Еңбекте цирк тек ойын-сауық формасы емес, сал-серілік, ағашаяқ, жыршылық, трикстерлік және арғымақтық дәстүрлерден бастау алатын күрделі мәдени феномен ретінде түсіндіріледі. Автор гуманитарлық ғылымдардың әдіснамаларын – мәдени антропология, көркемдік семиотика, перформативтік теория, этнографиялық талдау кешенді қолданып, қазақ циркінің тарихи дамуы мен қазіргі кезеңдегі трансформациясын практикалық және теориялық деңгейде зерттеген. Кеңестік кезеңдегі идеологиялық ықпал, посткеңестік мәдени ауысулар, тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық өнерді жаңғырту үдерістері және Nomad Stunts сияқты топтардың халықаралық аренадағы репрезентациясы мәдениеттанулық көзқараспен терең сараланған. Зерттеу нәтижелері цирк өнерінің тек өтпелі эстетикалық құбылыс емес, қоғамның тарихи жадына, ұлттық бірегейлікке және мәдени саясатқа тікелей әсер ететін перформативтік әрекет жүйесі екенін дәлелдеп, Қазақстан мәдени кеңістігінің ерекшеліктерін ескере отырып, цирк өнерін дамыту мен жаңғыртудың ғылыми негізделген бағыттарын ұсынады.

Рамаданова Жанна Дидарбековна «8D02201 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақ дәстүрлі пластикалық би өнерінің бейнелі тілі: философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациясы.

Өнер бейнелі тілі әлеммен қарым-қатынастағы мәнді елеулі етіп көрсету және оны мазмұны, өрнегі жағынан жетілдірілген ерекше әлемге – идеалды кеңістікке, платондық «идеялар әлеміне» аудару құралы болып табылады. Өнер бейнелі тілі өнер тілінің семантикасымен тікелей байланысты, ол әрбір өнер түрі үшін тек өзіндік ерекшеліктерімен анықталады.

Киелі геометрия мен ымдау тілі элементтері негізінде жасалған дәстүрлі қазақ биінің қимыл-қалыптарының бейнелі тілін семиотикалық талдау барысында түркі мәдениетінің бір бөлігі ретіндегі қазақ халқының мәдени кодтары мен рухани құндылықтарының көрінісі болып табылатын қазақ ою-өрнектерінің кейбір үлгілерінің және қазақ халық биі қимыл-қалыптарының мағыналық кодының біртұтастығы дәлелденді.

Би өнерінің эпистемологиялық табиғатын, сондай-ақ, тәндік қасиеттерін зерттеу барысында физиологиядағы соматикалық (денелік) және невробиологиядағы айна нейрондарын зерттеу сияқты пәнаралық зерттеулердің соңғы ғылыми деректері негізінде бидің психосоматика арқылы адамның танымдық қабілеттеріне әсер етуінің тәжірибеде бұрын ашылмаған жаңа мүмкіндіктері айқындалды.

Пернекулова Майра Мухтаровнаның «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша «Виртуалды шындық пен тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру мәселесі» тақырыбындағы диссертациясы.

Диссертация жұмысы XXI ғасырдағы цифрлық трансформация жағдайында тұлға болмысының өзгеру логикасын, шығармашылықтың жаңа формалары мен тетіктерін философиялық тұрғыдан пайымдауға бағытталған. Виртуалды шындық феноменін тек технологиялық немесе психологиялық құбылыс ретінде емес, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыратын ерекше онтологиялық кеңістік ретінде қарастыруы жұмыстың теориялық салмағын арттырады.

Зерттеу тақырыбының жаңалығы виртуалды ортадағы шығармашылықтың мүмкіндіктері мен қауіптерін кешенді түрде талдаумен, сондай-ақ тұлғаның шығармашылық әлеуетін сақтау мен дамытуға бағытталған тұжырымдамалық негіз ұсынуымен айқындалады. Диссертант классикалық және заманауи философиялық көзқарастарды салыстыра отырып, виртуалды шындық жағдайында тұлғаның шығармашылық субъект ретіндегі рөлін жаңаша түсіндіруге ұмтылған. Бұл тұрғыда автордың тұлға, еркіндік, жауапкершілік және аутенттілік ұғымдарын өзара байланыстыра зерделеуі ғылыми ізденістің тереңдігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс қойылған талаптарға сәйкес келеді және виртуалды шындық пен тұлғаның шығармашылық әлеуеті мәселесін философиялық тұрғыдан жүйелі түрде талдаған маңызды ғылыми еңбек болып табылады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Айтенова Альфия Аманжоловна

Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен: 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.

Мәлік Ғалым Алауидинұлы

Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және

арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен: 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.

Маткерим Дана Адильханкызы

Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен: 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабы мен Қазақстан Республикасының президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылы бекіткен ұлттық жобалар тізбесіндегі «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасына сәйкес келеді.

Ержанов Еркебулан Даукенбаевич

Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен: 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен: 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.

Наурузбаев Дархан Мирзабекович

Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7-ші бағытына сәйкес келеді. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығы бойынша – 7.2. бағытына сәйкес келеді. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер бағыты бойынша: «7.2.1. Ұлы есімдер мен ұлы дәуірлер» және «7.2.2. Жаңа гуманитарлық білім. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы синергетикалық және философиялық зерттеулер» бағыттарына толық сәйкес келеді.

Дусипова Айсана Сагинбаевна

